

FTAMP 03.91

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.2.86>

Әмірбекова С.К. 

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru

АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПАРЕМИАЛАРЫНДАҒЫ «АТА-АНА МЕН БАЛА» КОНЦЕПТІСІ

Аңдатпа. Мақалада араб-қазақ тілдеріндегі жанұяға байланысты фразеологизмдер қарастырылып отыр. Бұл сөз орамдары араб фразеологиясында маңызды рөл атқарады және араб әдеби тілінің көркем сөз байлығы мен бірегейлігін айқын да, толық көрсетеді. Фразеологиялық бірліктердің құрылымдық ерекшеліктерінің зерттелуі араб тілін терең және жан-жақты білуге мүмкіндік береді. Адам қоғамы дамуының заманауи сатысында қарым-қатынас құралы және материалды, әлеуметтік, рухани, мәдени табыс туралы білімдер, түрлі халықтың байлығы ретінде тілдің даму мәселелеріне үлкен назар аударылады. Бұл қызығушылық мәдениаралық қарым-қатынастың әруақыт дамуымен шартталған.

«Отбасы, туыскандар» тақырыбындағы нақыл сөздердің қазақ, араб мақалдарында қалыптасу жүйесі (үлгілері) бұл мақалада бір ұрпақтың және ауылдас ағайын ұрпақтың қан араласуымен жалғасқан туыскандықтың ауыз әдебиетінде бейнеленуі, некелесу нәтижесіндегі туыскангершіліктің тіларалық лингвистикалық мәдени сипаты қандай екені қарастырылады. Қазақ, араб тіл мәдениетіндегі өзіне тән өзгешелігі, айрықша белгілері мен айырмашылығы бола тұра, белгілі бір ортақ сипаттамалары да бары әңгімеленеді.

Жұмыстың басты мақсаты – араб-қазақ паремияларындағы «ата-ана мен бала» концептісіне салыстырмалы талдау жүргізу арқылы олардың ортақ және дифференциалдық ерекшеліктері мен мағыналық үйлесімділігіне классификация беру. Зерттеу нәтижесінде әрбір ұлттың дүниетанымы мен мәдениетін танып білу мақсатына сол ұлттың құндылықтарының жиынтығын зерттеу арқылы қол жеткізуге болатынын зерттеу жұмысы барысында анықталды. Бұл құндылықтар ұлттың тілінде, сөздік қорында сақталған. Жұмысымызда құрылымы әртүрлі тілдер тобына жататын араб және қазақ тілдеріндегі жанұяға байланысты фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері салғастырыла зерттеліп, өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды.

Кілт сөздер: фразеологизм, паремия, мақал-мәтел, жанұя, концепт, туыстық терминдер.

Кіріспе

Соңғы жылдары тіл білімінде қазақ тілін генетикалық және типологиялық жағынан туыстығы жоқ тілдердің тілдік материалдарымен салыстыра-салғастыра зерттеу қолға алынуда.

Ұлт мәдениетінің қай түрі болмасын, сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті тілде көрініс табады. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады. Ұлт мәдениеті, діні салт дәстүрі және тілімен біте қайнасып, ұлттың болмысын бойына сіңірген танымдық түсінік беретін сөздер тілімізде өте көп. Сол концептілердің бірі – араб және қазақ тілдеріндегі ата-ана мен бала концептісі.

Зерттеу материалдарымен әдістері

Араб және қазақ тілдеріндегі «ата-ана мен бала» туралы фразеологиялық бірліктерді салыстырмалы талдау әдісі қолданылған. Әр түрлі контексте араб және қазақ әдебиетінде қолдану үлгілерімен фразеологиялық бірліктерді қолдану әдісі талдалған. Ата-аналар мен балалар туралы фразеологиялық бірліктерді қолдану ерекшеліктерін анықтау үшін екі тілдегі сөзoramындарын қолдану әдісі қолдалынған

Зерттеу материалдарына фразеологизмдерді талдауға арналған араб және қазақ тілдерінің сөздіктері; фразеологизмдерді қолдану мәнмәтінін зерделеу үшін араб және қазақ тілдеріндегі мәтіндері; әр түрлі жанрдағы фразеологиялық бірліктердің қолданылуын талдауға арналған араб және қазақ тілдеріндегі әдеби шығармалар; «ата-ана мен бала» туралы фразеологиялық бірліктерді қолданудағы эмпирикалық деректерді қарастырылды. Мұндай әдістер мен материалдар араб және қазақ тілдеріндегі ата-аналар мен балалар туралы фразеологизмдерді егжей-тегжейлі зерттеуге және оларды екі мәдениетте де қолдана білудің ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Талқылау

Араб және қазақ тілдеріндегі *ата-ана мен бала* концептісінің басты айырмашылығы – отбасы, шаңырақ мүшелерінің бір-біріне тікелей жақындығы қан арқылы тікелей байланысын, өзара тығыз қарым-қатынасын саралайды: ата-ананың балаларымен, ұлы мен қызының ата-анасымен қарым-қатынасы. Араб тілінде *وليدة* – *وليد* сөздері *ата-ана* мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде *ата-ана* лексемасы өздерінен туған балаларына қатысты айтылады. Бұл лексемалар гиперпонимикалық қарым-қатынасымен ұштасып жатыр.

Ежелден келе жатқан қазақ дәстүрінде бір ортадан тарап, бірнеше буынға жеткен ұрпақтар жалғасын – бір әулет деп атайды. Мысалы Құнанбай әулеті, Абылай әулеті, тағы сол сияқты. «Жақсы» деген атымен шыққандықтан – бүкіл қазақ халқы мақтан тұтатын әулеттер. Бұны халқымыз басқа ел-жұртқа өнеге ретінде «тегі жақсы, текті әулет» деп дәріптейді. «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай қоймас негізге» деп бір ауыз нақылмен түйеді.

Ал «бала» концептісі – ер мен әйелдің бір кіндіктен тараған ұрпақтары: бала, қыз, немере, шөбере, жиендер [4,103 б.]. Ұрпақ қазақ үшін қастерлі ұғым «өмірімнің жалғасы, мұрагерім» деп таныған. «Балалы үй- базар, баласыз үй- мазар» дейді қазақ. Шаңырақты нұрға бөлеп, ерлі-зайыптылардың арасындағы сүйіспеншілік пен махабаттың беки түсуіне себеп болатын бірден-бір дәнекер – бала, ұрпақ, әулет. Сол себепті қазақ «Бір баласы бардың- шығар-шықпас жаны бар, екі баласы бардың- өкпе-бауыр, жалы бар, үш баласы бардың бардың Бұхарада бұты бар, Хорасанда қолы бар» деп ұрпақтың өсіп-өнуіне, көбейіп-өрбуіне ден қойып, соған ынталандырып отырған. Айтылған сөздердің қанымызға сіңгені сонша, қазақ үшін шаңырақты баласыз елестету мүмкін емес. Ерлі-зайыпты екеуі үйленді ме, ағайын-жұрт тоғыз ай, тоғыз күннен кейін шілдехана тойын көруге асық болып отырады. Қос жұптың да күтетін алғашқы «жемісі» - бала. Сондықтан да халықтар арасында «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген нақыл сөз тараған.

Ал араб тілінде *ام* *ана* сөзінің беретін мағынасы : 1. Туған, ішінен шыққан. 2. Әлдебір еркектің егде әйелі. 3. Ана бәрінің негізі, тірегі *ام كل شيء* 4.Елді –мекен, аймақ анасы – *ام القرى* Мекке (яғни қажылық жасау үшін әлемнің түкпір-түкпірінен ағылған қасиетті жер)[2,31 б.].

Ал *әке* *اب* лексемасы араб тілінде дүниеге әкелген немесе ағатайы, атасы, не нәрсені де алғаш тұрғызған дүние –мүліктің иесі, қожайыны мағынасында қолданылады. Кейде тіпті адамның қолының ашықтығын баса көрсету үшін қолданылатын *اب الضيف* құдайы қонақтың әкесі» деген де мағынасы бар[2].

Енді араб тілі мен қазақ тіліндегі ата-аналар мен олардың ұрпақтары – бала-шағасына қатысты қалыптасқан паремиялардың мазмұндық құрылымын саралап көрелік. Екі тілге де ортақ мазмұндық ой түзейтін мақал-мәтелдер:

«Ұл» лексемасы қазақ тілінде: 1. Еркек бала, ер бала. 2. Халық қамын ойлайтын ер-азамат, ер-жігіт [4,857 б.].

Араб тілінде ابن : 1. Ер жынысты бала. 2. Ауыспалы мағынада: ابن السبيل «саяхатшы», ابن الناس «халық қаһарманы» ұғымдарын сыйғызады[2,76 б.]. Қызға қатысты қос тілде де 1. Ұрғашы жынысты сәби, әйел бала. 2. «болашақ ана» деп бір ауыз сөзбен тоқтам жасайды.

Ұл, ер бала ابن сөзі араб тілінде, өзге тілмен салыстырғанда анағұрлым жиірек қолданылады. Біздің ойымызша, арабтар ежелден ер адамға басымдық бедел берген, күні бүгінге дейін арабтар қыздарынан гөрі ұлдарының жан-жақты білім алуына, ішіп-жемі, киіміне, қалта қаражатына, тағы басқа игіліктеріне ақшаны көбірек бөліп, жұмсайды. Бұл дерек мұрагерлікке қатысты заңдарында: ұлға берілетін мұраның қызға берілетіннен екі есе көптігінен нақты көрініс тапқан. لا إلهَ إلاَّ اللهُ، مُحَمَّدٌ رَسُوْلُهُ « Ұлың сенікі, қыз біреудікі» яғни, бойжеткен қыз өзге отбасында өмір сүреді деп санаған. Ал ер бала қандай жағдайда да өз ата-тегінің, қанының жалғастырушысы. Осындай ұлға қатысты көзқарас қазақ халқында да ежелден қалыптасқан. Қос тілдегі ауыз әдебиеті үлгілері, аңыз, эпсана желілерінен де ер баланың басымдық бедел алатынын анықтау қиын емес: «Ұлың өссе –ырысың, қызың орнын тапса - ырысың». «Ұл туғанға – күн туған» деп айтады. Араб нақылдарында да еркек кіндікті деп немере, шөберелерін де жоғары бағалаған : إِبْنُ الْإِبْنِ إِبْنُ الْحَبِيبِ، إِبْنُ الْبَيْتِ إِبْنُ الْغَرِيبِ «Ұлдың баласы-сүйікті, қыздың баласы- жат»[8,257 б.]. Қазақтар: «Бала-қымбат, немер-ыстық», «Ұлдың баласы - ұрпақ».

«Бала-шаға» ұғымы араб тіліндегі нақылдарға қарағанда, қазақ халқында кеңірек, әрі көбірек қолданысқа ие. Ал араб халқы үшін «ұл», «қыз» ұғымдары қатаң түрде жіктеліп, ұлдар, қыздар деген ұғымдар көпше, жекеше түрде де бөлек-бөлек таратылады. Мұны біз араб мақал-мәтелдерінен анық байқаймыз. Бала-шаға қазақ тілінде шектеуді емес, баршылық, көпшілік мағынасында қолданылып, халқымыздың ұл-қыз баласына деген кең пейілін білдіреді. Ұл-қызын бөліп-жармай еркетай, сүйкімдім, тентегім немесе тұңғышым, кенжем деп еркелетіп қолдану кеңінен тараған.

Араб-қазақ паремияларда «қыздың ұзатылатыны» айқын, тұрақты түсіндіріледі. Оның негізінде: أَحْطَبُ لِإِبْنَتِكَ قَبْلَ أَنْ تَحْطَبَ لِإِبْنِكَ «Ұлыңды емес қызыңды бірінші үйлендір (ұзаттыруы)» Қазағымыз: «Қыз мұраты - кету», «Отырған қыз – орнын табар», «Қыз кетсе – қуаныш, тұрақтаса – жұбаныш», «Апасы киген сәукелені сіңлісі де киеді» деп әр қырынан бейнелеп суреттейді.

Араб дәстүрінде еркектің ажырасуына болады деп саналған, ал әйел ерінен ажырап жатса, екінші рет күйеуге шығуы қиын дейді. Сол себептен де кез-келген ата-ана қыздарын барынша лайықты, сенімді деген ер адамға беруге тырысады: «وطني المرأة زوجها» «Әйелдің отаны – күйеуі».

Араб-қазақ тілдеріндегі «бала» концептісіне қатысты паремиялардың ұқсас белгілері:

1. Қос тілдегі паремияда да баланы туып-өсіру қажеттілігі, өзіңнен кейінгі ұрпаққа қалдыру, тұқым, тайпа жалғастығын үзбеу тағлымы арқау болады.

المال والبنون زينة الحياة الدنيا, «Баласыз үй - мазар» الى ما فيشوا صغار مقبر

«Ақша мен бала-өмірдің сәні», «الاطفال أزهار في حقول حياتنا» «Балалар- өмір гүлдері»[8,157]. Қазағымыз: «Жалғыз ағаш – орман болмас, жалғыз жігіт – би болмас», «Баласыз ана – гүлсіз алма», «Бір бала атаға жете туады, бір бала атадан өте туады, бір бала кейін қарай кете туады».

2. Араб-қазақ паремияларында бала тәрбиесіне айрықша мән берілген. Дұрыс тәрбие беруге баса назар аударылған. Адамгершілікке шақыратын паремиялар шарифат заңында нақты кеңестер ата-анаға бұйырыла айтылады. Бұл талап-тілектерге қарап, екі халық өкіліне

де кейінгі ұрпақ жалғасын айрықша жауапкершілікте тәрбиелеу маңыздылығы тән екені байқалады. Лайықты ұрпақ өз ұлтын, ежелден қалыптасқан салт-дәстүрі, тілін, мәдениетін, өмір сүру ерекшелігін көзінің ақ-қарасындай сақтап, болашаққа ұластырушы мағынасында жауапкершілікті екенін ұқтырады. «Ата-анасы *و من لم يؤدبه أبوه و أمه، تؤدبه روعاثة الردى و زلاله*» «Ата-анасы тәрбие бермесе, өмірдің қиындығы тәрбие береді», *بلك إنك أحسن ما تبكى عليه*

«Баланды ойлап жыламау үшін, баланды жылатқыз»[8,195 б.]. Қазақ нақылдарынан: «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю», «Ұлың өссе, ұлы үлгілілермен ауылдас бол! Қызың өссе қызы үлгілілермен ауылдас бол!», «Қарағайға қарап тал өсер, үлкенге қарап бала өсер».

3. Ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қатаң қарағанымен араб, қазақ халқылары да ұл-қыз, бала-шағасына ерекше мейірімін айрықша сүйіспеншілігін, ыстық ықыласын арнайды. Араб-қазақ паремияларының көбісі ата-ананың балаларына деген махаббатын айғақтайды. Солай бола тұра, қазақ нақылдарының көбісі ананың баласына деген сүйіспеншілігін ерекше білдірсе, әкенің баласына арнаған ыстық ықыласын аз кездесетінін аңғартады. Араб мақалдарында керісінше, нақылдың көбісі әкенің балаға деген сүйіспеншілігін байқатса, қалғаны ананың махаббатына тиесілі екені де даусыз: *ما فبالأسى من تقنت الكبد، مثل أسى والد* «Бүйрегінің ауырғаны, тек әкесі баласы үшін уайымдауымен тең», *ما مات حى لميت أسفا، أعذر من* «Әлі ешкім де жақыны қайтыс болғанынани өлген жоқ, тек әкесі баласы үшін қайғыруы болмаса»[8,485 б.]. Қазақ нақылдары: «Ақ шашты ана: «жастығым — балам» дейді. Ақылды бала: "ай-күнім — анам" дейді», «Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры». «Анасын сүйгеннің баласын сүй», «Жалғыз бала атқа шапса, анасы үйінде отырып тақымын қысады». Бұл деректерге қарап, қазақ аналарының сүйіспеншілігін, ашық айтып жеткізетініне, ал араб ер азаматтарының балаларына деген ыстық пейілін елден жасырын, құпия ұстайтынын, жария етуді әбес көретіндіктерімен түсіндіруге болады. Ежелгі замандарда араб әлемінде еркек баласын елдің көзінше құшақтап сүю ұят саналыпты. Сол себепті араб паремияларында әкенің балаға деген махаббатын дәріптеу жоққа шығарылмайды.

4. Ата-анасын жақсы көру мен құрмет көрсетуге, қадір тұтуға арналған араб-қазақ нақылдары көптеп кездеседі. Ата-анаға қатысты қазақ нақылдарының қай-қайсысында да әкенің, шешенің лайықты орны қатар аталады. Және түрлі жағдайда да ата-ана, әке-шеше деп қатар айтылып, жазылады: «Ата-анаңның қадірін балалы болғанда білерсің», «Ана алдында – құрмет, ата алдында - қызмет», «Ананың алды – ақ жайлау», «Мейірімі мол ананың – жүрегі жылы, қолы кең, кең пейілді атаның жүзі жылы, жолы кең». «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Әкеден – ақыл, анадан – мейірім». Араб тілінде: *وأعط اباك النصف حياً ميتاً و فضلت عليه من كرامتها الأم* «Әкеңді тірісінде де, қайтыс болғаннан кейін де жартыңды ғана бер, анаңның қадірін артыр», *عَضَب الأب من عَضَب الرب، رضا الأب من رضا* «Жаннат – аналардың аяқ астында», *الجنة تحت أقدام الأمهات* «Әкенің қаһары Алладан, разылығы да Алладан»[8,345].

5. Сонымен қатар араб- қазақ паремиялогиялық оралымдарда балалардың әкешелерінің мінез-құлқын алғанын, түр-түсі, түрлі қимыл-әрекеттерінде де ұқсастық кездесетіні баяндайды. Көп жағдайда қазақ-араб нақылдары балаларының әке-шешесіне ұқсайтынын жалпылама келтірмей, ұлды әкесіне, қызды шешесіне ұқсату дерегі жиірек ұшырайды. Сондықтан да атам қазақ: «Анасын көріп қызын ал» немесе «Әкеге қарап ұл өсер» деп тоқ етер түйін жасайды, арабтар: *إبن الور عوام* «Қаздың баласы- жүзгіш», *طَبَّ الجَرَّ تما* «Табақты айналдырса да, қызы анасына ұқсайды». Және бір назар аударатын жәйт екі тілде де – баласын қозы, лақ, балапан, құлыншақпен одан басқа тал-терекпен теңеу арқылы баяндау көп ұшырасады. Қазақтар: «Ата – бәйтерек, бала- жапырақ», «Сайына қарай – саласы, әкесіне қарай - баласы», «Ақ шашты ана: жастығым – балам» дейді. Ақылды бала «Ай-күнім - анам» дейді, немесе «Бала – ананың бауыр еті, көз нұры», «Қарға балсын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым!» дер, арабтарда: *هذا الثبيل من ذاك الأسد* «Бұл алан арыстанның баласы», *القرد فى عين أم غزال* «Маймыл анасына ғазель боп көрінеді», *الخنفسة شافت ابنا*

عالحيط قالت حَبَّة لؤلؤ بخيط «Қоңыз баласын көріп, маржан көргендей болды» деп жануар табиғаты көріністерінен теңеу басым[8,386 б.].

6.Араб-қазақ паремиялардың бір бөлігі бала-шаға, ұрпағыңның көп болғанын тілге тиек етіп, кеңірек насихаттайды және үлкен отбасылық тәжірибе, өмір жолымен қалыптасатыны ескертіледі: *أَمْ عَشْرَةَ مُدْبِرَةً وَأَمْ وَاحِدَ مُحَيَّرَةً*

«Бір баласы бар анадан, он баланың анасы-пысық болады», қазақтар: «Алты ұл туған ананы –ханым десе болады, кезек сыйласқан ағайынды жаным десе болады», «Жалғыз баласы бардың шығар-шықпас жаны бар, екі баласы бардың өкпе-бауыр, жалы бар, үш баласы бардың Бұқарда құты, Қорасанда қолы бар», - деп жалғасады.

7.Араб тілінде де, қазақ тілінде де баланың өз еңбегімен өсіп-жетілуін, ата-анасының ұрпағына кішкентайынан ұқтырып, үйрететіні үлгілі тәжірибесімен ел қатарына қосылуын қалайтыны анық көрініс тапқан. Балаларына есепсіз қаражат беріп, тәрбиесіз өсуіне жол берілмеуін ескертетін нақыл сөздер қос тілде де көптеп кездеседі. Мысалы, «Жалқау байымас, сұқ семірмес», «Берекесіздің ауылы – мерекесіз», «Еріншек түске дейін ұйықтайды, кешке дейін есінейді», «Болар адам он бес жастан бас болар, болмас адам отызында жас болар», *كُنْ إِبْنِ مَنْ شِئْتَ وَ اكْتَسِبْ إِدْبًا غُغْنِيكَ مَحْمُودُهُ عَنِ النَّسَبِ*

«Кімнің баласы болсаң да тәрбие алып тегіңе сүйінбе, «Бұл менің әкем» демей «Бұл менмін» деген адам абырой табады», *إِبْنُو عَلِيٍّ كَثْفُو وَ بِيَدَوْرٍ* «Баласын арқасына отырғызып, қайдасын деп іздеп жүр екен», яғни баласының күн көрісінің жағы, өмірге бейімделмегенін көрсетеді[8,174 б.].

8.Араб-қазақ паремиялардың ішінде ұлдың әкесі үшін, қыздың анасы үшін бағасы жоғары екені көрініс табады. Ұлдың отбасындағы әлеуметтік орны қыз баласына қарағанда жоғары екені айқын. Қыз баланы өзге отбасы мүшесіне, яғни «қонақ» санайтыны ежелден бар. Сол себепті де «Қыз – қонақ» деп ойлау екі ұлтқа да бөтен естілмейді. *أَلِيٍّ بِيَسْعُدُهَا زَمَانُهَا*, «Қыз анасына *الْبِنْتُ لِأُمِّهَا وَ الصَّبِيُّ لِأَبَوِهِ* «Ұлдан бұрын қыз туған ана бақытты», *بِتَجْبِيبِ بَنَاتِهَا قَبْلَ صِبْيَانِهَا* көмекші, ұл – әкесінің қолғанаты» яғни әрқайсысы шаңырақтағы өз орнын біліп, өз рөлінде болғаны абзал[8,147 б.]. Қазақ нақылдары: «Ананың ізін қыз басар, Атаның ізін ұл басар», «Әкелі бала жаужүрек».

Зерттеу нәтижелері

Араб паремияларынан қазақ паремияларының айырмашылықтары:

1.Қос тілде де *әке, ана, ұл мен қызға* қатысты метафоралық бейнелеу, әсірелеп жеткізу болғанымен, мазмұн жағынан бір-біріне ұқсамайды. Ата-ана мен балалар туралы мақал-мәтелдер теңеу, асыра бағалау (гипербола) немесе қарапайым метафорадан құрылған.

Мысалы: *يَخْلُقُ مِنَ ظَهْرِ الْعَالَمِ فَاسِدٌ وَ مِنَ زَهْرِ الْفَسَدِ الْعَلِيمُ* «Ғалымнан содыр тууы мүмкін, кесірліден ғалым өмірге келуі де мүмкін»[7,9]. Бұл мақал жақсы ата-анадан жаман бала өсіп шығуы немесе керісінше болуы мүмкін екендігін баяндайды. Бұл мысалда бір ескеретін мәселе «оқымысты» сөзі - «жақсы» сөзінің синонимі ретінде қолданылса, ал «кесірлі» сөзі «оқымыстыға» қарама-қарсы мағынада алынған. Бұл қанатты сөздерден араб әлемінің «ежелден ғалымдарын, оқымыстыларын қадірлеп, сыйлаған» деген ой туындайды. Келесі мақалда: *الْفَرَسُ مِنْ وَرَاءِ الْفَارِسِ* «Аттың жақсысы шабандозынан»[8,548 б.], араб халқы шаңырақтағы қыздың, бойжеткеннің тәрбиесіне әкесі мен ағалары жауапты саналған, ал әйелдерге – күйеуі қожайын. Бойжеткен немесе зайыбының жүріс-тұрысы, мінез-құлқы ұнамсыз болса, оған жоғарыда аталған еркек азаматтар кінәлі деп есептелгендіктен бұл мақал айтылады.

Ал қазақ дәстүрінде керісінше: «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» десе, ер балаға қатысты: «Ат болатын құлынның бауыры жазық келер, адам болар баланың маңдайы жазық келер!», «Ер бала – ата-анаға таяу, қыз бала – үйге жаққан бояу» деп әспеттейді.

Көп метафоралар араб теңеулерінде: әкені сарымсаққа, қасқырға, бауыр мен бүркітке теңесе: التوم و سسال مئى رحه التوم «Анасы пияз, әкесі жуа болса, баласынан неге иіс бар»[8,116 б.], қазақтар әкені – асқар тау, бәйтерек деп, ананы – ұя, мектеп, өмірге балайды. Араб нақылдарына қарағанда қазақ мақал-мәтелдерде ананы зат есімнен гөрі сын есімді сөздермен баламалай жеткізу басым. Мысалы: «мейірімі мол, пейілі кең» немесе «жүрегі шуақты, назары қуатты» «көркі мен жақсылығы» тағы басқа болып жалғасады.

Қазақ нақылдарда ұл, ер бала: құлыным, қошақаным, лағым, балапаным, жаным, жарығым, айым, бауырым, көгершінім, қанатым, атар таңым, жүрегім, күнім, жұлдызым, шылдыр шүмегім, қыраным, жапырағым тағы басқа теңеулермен атаса, қыздарын: гүлім, күнім, райханым, жұбанышым, қуанышым, көзімнің қарашығы немесе көзімнің ағы мен қарасы, шырыным, шекерім, балдай тәттім, аққуым тағы басқа теңеулер қолданса, араб нақылдарында ұл, ер баланы: қоңызым, бұзауым, сұңқарым, бауырым, балапаным, ал қыз баланы: мысығым, газелім, раушаным, маймылым, орман құстарым деген теңеулерін қолданған.

Араб нақылдарында «әке» мен «анаға» қатысты тағы бір ерекше сипат бар. Ежелден бар дәстүр бойынша өз ұрпағымен мақтанғысы келген шақта ұл қыздарының есімдері алдына атау жалғайды. Сол атаумен қоса айтып, тілдеріне тиек етеді. Мысалы, ابو محمد «Мұхамедтің әкесі» немесе ام فاطمة «Фатиманың анасы». Ауызекі тілде жиі айтылады[7,78 б.].

2. Араб паремияларында «ана», «әке» «қыз» және «ұл» атауларын метафораға жатқызады. Мысалы, إلى أمه يلهف اللهفان «Анасымен мұңын (уайымын) бөлісуге бара жатыр». Осы мысалда «ана» - отбасы, достары, туысқандары, бір сөзбен айтқанда, ең жақын адамдары мағынасында бейнеленген. Сөйтіп әрі қысылғанда қол ұшын созып, көмектесетін жандар мағынасында қолданады. «Жалғыз ағаш орман емес»демекші, кім-кімде жалғыз-жарым бола тұра жақын адамдарымен бірге болғанды айрықша мән бере атайды. «Әкеге» қатысты: ابو الهول «қорқыныштың әкесі-Сфинкс», ابو الركاب «грипп ауруы», ابو النوم «ұйқының әкесі – мак гүлі» т.б.

Анықталған 10 паремияда «қыз» концепті түрлі мазмұнды метафоралық оймен тарқатылады: بنت الدهر тағдырдың қызы – жамандық, بنت الشفة еріннің қызы – сөз, بنت الفكر ойдың қызы – пікір, көзқарас, بنت السلطان сұлтанның қызы – бақ-дәулетті әйел, بنت حواء Хауа-Ананың қызы – гүлдер мен жасыл шалғын және т.б. Мысалы, بنت الشفة бұл жерде «еріннің қызы – сөз» екенін айтпайды, бұл метафора «Ол маған ештеңе демеді» дегенді ұқтырады[8,302 б.].

Араб мақал-мәтеліндегі «ұл» метафорасы келесі жолдарда көрсетілген мағынада қолданылады: بنو الحرب соғыс ұлдары – жауынгерлер, ابن الادب әдептің ұлы – тәртіптің адамы, ابن الناس адамзаттың ұлы – сыйлы адам, ابن الدئب қасқырдың баласы – тәрбиеге көнбейтін жан, ابن الصقر қырандардың баласы – бай-дәулеттің иесі және т. б.

Мысалы, ابن الخلال عند ذكركم بيان «Тәрбиелі жан туралы ойласаң келе қалады». Осы нақылдағы тәрбиелі адам «рұқсат етілгеннің ұлы» мағынасында қолданылған. Мұндай тұрақты сөз тіркестері екі мағынада қолданылады: а) «заңды некеден туған», б) «тәрбиелі адам»[8].

Қорытынды

Қорыта келе, араб – қазақ тілдеріндегі паремиялардың қай-қайсысынан да ата-ана мен ұл-қызы, балалары арасындағы байланыс, қарым-қатынастың өмірде қаншалықты зор бағаға ие екені анықталды. Қос халық менталитетінде де келер ұрпақты лайықты тәрбиелеу аса жауапкершілікті жүктейтінін байқатады. Ежелден қалыптасқан мәдениет, салт-дәстүрлі негізде ұлтты сақтау, баянды болашаққа ұластыру үрдісін ту ететіні екі ұлт тіршілігінен анық көрініс тапқан.

Әдебиет:

1. Кухарева Е.В. Арабские пословицы и поговорки. Словарь с лексико-фразеологическими комментариями // Е.В.Кухарева.-М.:АСТ, 2008, -303 с.
2. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь /Х.К. Баранов Ташкент: «Камалак», 1994, - 912с.
3. Эшанкулов А.У. Фразеология в тексте и в словаре /Паремиология или фразеология/. Сбор.науч.труд.- Самарканд,1986, - 59 с.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А:Дайк.-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Шайхуллин Т.А. Зиганшин Э.М. Зиляева А.Н. Стилистика арабского языка: Учебное пособие.- Казань: Магариф, 2008, - 383 с.
6. Шайхуллин Т.А. Русские и арабские паремии с компонентом-наименованием родственных отношений: концептуально-семантический и этнокультурный аспекты. Автореферат.- Казань, 2012.
7. معجم الاعبرات الاصطلاحية ١٩٨٥-٤٥٥ص.
8. مجمع الامثال.لابي الفضل احمد بن محمد الميداني 1955. 462ص.
9. Avaliani, Yu.Yu., Emirova, A.M. (1971) On a semantic structure of phraseological units. (pp. 29-34) In Issues of phraseology IV: Papers of the Navoi Samarkand State University. Issue 217.
10. Alefirenko, N.F (2008). Phraseology and cognitive science in terms of linguistic postmodernism. Belgorod, Belgorod State University.
11. Amosova, N.N. (2013) Fundamentals of English phraseology. Moscow. Librokom.
12. Gvozdev, Yu.A. (1977). Fundamentals of the Russian word formation. Rostov-on-Don.
13. Hoey, M. (2005). Lexical priming. New York, NY: Routledge
14. Kunin, A.V. (2005) A course on modern English phraseology. Dubna: Feniks +.
15. Molotkov, A.I. (1977) Fundamentals of Russian phraseology. Leningrad.
16. Oniani, A.L. (1970) A fixed unit and a word (based on Kartvelian languages (pp. 134-142.). In Issues on phraseology III. Papers of the Navoi Samarkand State University, New Series. Samarkand. Issue 178.
17. Raikhshtein, A.D. (1980) A comparative analysis of German and Russian phraseology. Moscow.
18. Romer, U. (2009). The inseparability of lexis and grammar. Annual Review of Cognitive Linguistics.
19. Rott, E. Kh. (1972) A word and its relation to a component of a kernel phraseology (on a kernel of phraseology).(pp.123-128) In Issues on phraseology V, part I: Papers of the Navoi Samarkand State University, New Series. Samarkand. Issue 219.
20. Savitsky, V.M. (1993) English phraseology: problems of modeling. Published by Samara University.
21. Smirnitsky, A.I. (1956) English phraseology. Moscow.
22. Stepanova, L.I. (1996) Problems of phraseological semantics. Saint-Petersburg.
23. Teliya, V.N. (1966) What is phraseology? Moscow: Nauka.
24. Vinogradov, V.V. (1953) On some issues of Russian historical lexicology. (pp.185-210) In Bulletin of the USSR Academy of Sciences, Language and Literature Sectio. vol. 12, issue 3. Moscow.
25. Zerkina, N.N.(2011) Explicit and implicit representation of the concept WHITE in English. (pp.405-406) In Cognitive studies of the language. Issue VIII. Problems of linguistic consciousness: Proceedings of the International Scientific Conference held on 15-17 September 2011. Moscow: Linguistics Institute of the Russian Academy of Sciences; Tambov: Publishing house of Derzhavin Tambov State University,]

References:

1. Kuhareva E.V. Arabskye poslovizy i pogovorki. Slovar s leksiko-frazeologicheskimi kommentariyami [Arabic proverbs and sayings. Dictionary with lexical and phraseological comments] // E.V.Kuhareva.-M.ACT, 2008, - 303 p. [in russ.]
2. Baranov H.K. Arabsko-russkiye slovar [Arabic-Russian dictionary] // H.K. Baranov Tashkent: Kamalak, 1946 - 912 p. [in russ.]
3. Eshankulov A.T. Frazeologiya v tekste i v slovare/Paremiologiya ili frazeologiya [Phraseology in the text and in the dictionary / Paremiology or phraseology] // sbor.nauch.trud.-Samarkand, 1986 - 59 p. [in russ.]
4. Kazakh tilidegi tusundirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] / Jalpy redaksiyasyn baskargan A.Y.Yskakov. – Almaty. 1966. – 510 p. [in kaz.]
5. Shaihullin T.A. Ziganshin E.M. Zilyaeva A.N. Stilistika arabского yazyka [Stylistics of the Arabic language]: Uchebnoe posobie.-Kazan': Magarif, 2008-383 p. [in russ.]
6. Shaihullin T.A. Russkiye i arabskye paramye s komponentom-nayemenovanyem rodstvennyh otnosheniy: konzeptualno-semanticheskiye i etnokulturologicheskiye aspekty [Russian and Arabic proverbs with a component-name of kinship relations: conceptual-semantic and ethnocultural aspects]. Aftoreferat. Kazan, 2012. [in russ.]
7. Mu'gam al- a'barat al-istilahya [Dictionary of Idiomatic Expressions] 1985 -455s. [in arabic]
8. Mu'gam al- amsal. Abi al-Fadal Ahmad ben Muhammad al-Maidani [Collection of Proverbs. By Abu al-Fadl Ahmad ibn Muhammad al-Maidani] 1955. 462 p. [in arabic]
9. Avaliani, Yu.Yu., Emirova, A.M. (1971) On a semantic structure of phraseological units. (pp. 29-34) In Issues of phraseology IV: Papers of the Navoi Samarkand State University. Issue 217 p.
10. Alefirenko N.F. (2008). Phraseology and cognitive science in terms of linguistic postmodernism. Belgorod, Belgorod State University.
11. Amosova N.N. (2013) Fundamentals of English phraseology. Moscow. Librokom.
12. Gvozdev, Yu.A. (1977). Fundamentals of the Russian word formation. Rostov-on-Don.
13. Hoey M. (2005). Lexical priming. New York, NY: Routledge.
14. Kunin A.V. (2005) A course on modern English phraseology. Dubna: Feniks +.
15. Molotkov A.I. (1977) Fundamentals of Russian phraseology. Leningrad.
16. Oniani A.L. (1970) A fixed unit and a word (based on Kartvelian languages (pp. 134-142.). In Issues on phraseology III. Papers of the Navoi Samarkand State University, New Series. Samarkand. Issue 178 p.
17. Raikhshtein A.D. (1980) A comparative analysis of German and Russian phraseology. Moscow.
18. Romer U. (2009). The inseparability of lexis and grammar. Annual Review of Cognitive Linguistics.
19. Rott E. Kh. (1972) A word and its relation to a component of a kernel phraseology (on a kernel of phraseology). (pp.123-128) In Issues on phraseology V, part I: Papers of the Navoi Samarkand State University, New Series. Samarkand. Issue 219 p.
20. Savitsky V.M. (1993) English phraseology: problems of modeling. Published by Samara University.
21. Smirnitsky A.I. (1956) English phraseology. Moscow.
22. Stepanova L.I. (1996) Problems of phraseological semantics. Saint-Petersburg.
23. Teliya V.N. (1966) What is phraseology? Moscow: Nauka.
24. Vinogradov V.V. (1953) On some issues of Russian historical lexicology. (pp.185-210) In Bulletin of the USSR Academy of Sciences, Language and Literature Section. vol. 12, issue 3. Moscow.

24. Zerkina N.N.(2011) Explicit and implicit representation of the concept WHITE in English. (pp.405-406) In Cognitive studies of the language. Issue VIII. Problems of linguistic consciousness: Proceedings of the International Scientific Conference held on 15-17 September 2011. Moscow: Linguistics Institute of the Russian Academy of Sciences; Tambov: Publishing house of Derzhavin Tambov State University,]

Амирбекова С.К.

Институт востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru

КОНЦЕПТ «РОДИТЕЛИ И ДЕТИ» В АРАБСКИХ И КАЗАХСКИХ ПАРЕМИЯХ

Аннотация. В статье рассматриваются смысловые аналоги описания фразеологизмов о семье в арабском и казахском языках. Эти обороты многочисленны, играют важную роль в арабской фразеологии и наиболее ярко и полно отражают богатство и уникальность арабского литературного языка. Изучение структурных особенностей фразеологических единиц позволяет узнать арабский язык глубоко и всесторонне. На современном этапе развития человеческого общества большое внимание уделяется вопросам науки языкознания как средства общения и знания о материальном, социальном, духовном, культурном богатстве различных народов. Этот интерес обусловлен стремительным развитием межкультурных отношений.

В этой статье система (образцы) формирования фразеологизмов на тему «семья, родственники» в казахском и арабском пословицах рассматривается, как поколение родителей и детей, родственные связи, сопровождающегося кровным смешением, выявляются межъязыковая лингвистическая культура природы родства в результате брака. В казахской и арабской языковой культуре существуют определенные общие характеристики, отличительные черты и различия.

Основная цель работы – дать классификацию общих и дифференциальных особенностей и смысловой совместимости путем проведения сравнительного анализа концепта «родитель и ребенок» в арабо-казахских паремиях. В результате исследования выявлено, что цель познания мировоззрения и культуры каждой нации может быть достигнута путем изучения совокупности ценностей этой нации. Эти ценности хранятся в языке народа, в словарном запасе языка. В статье были изучены особенности употребления фразеологизмов, связанные паремиями «родители и дети» в арабском и казахском языках, которые относятся к разным языковым группам, выявлены общие сходства и отличительные различия.

Ключевые слова: фразеологизм, паремия, пословицы и поговорки, семья, концепт, термины родства.

Amirbekova S.K.

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru

CONCEPT OF «PARENTS AND CHILDREN» IN ARABIC AND KAZAKH PAREMIAES

Abstract. The article examines the semantic analogues of the description of phraseological units about the family in the Arabic and Kazakh languages. These phrases are numerous, play an important role in Arabic phraseology and most vividly and fully reflect the richness and uniqueness

of the Arabic literary language. Studying the structural features of phraseological units allows you to learn the Arabic language deeply and comprehensively. At the present stage of human society development, much attention is paid to the science of linguistics as a means of communication and knowledge about the material, social, spiritual, and cultural wealth of various peoples. This interest is due to the rapid development of intercultural relations.

In this article, the system (samples) of the formation of phraseological units on the topic "family, relatives" in Kazakh and Arabic proverbs is considered as a generation of parents and children, family ties accompanied by blood mixing, the interlanguage linguistic culture of the nature of kinship as a result of marriage is revealed. There are certain common characteristics, distinctive features and differences in the Kazakh and Arabic language culture.

The main purpose of the work is to classify common and differential features and semantic compatibility by conducting a comparative analysis of the concept of "parent and child" in Arab–Kazakh parodies. As a result of the study, it was revealed that the goal of cognition of the worldview and culture of each nation can be achieved by studying the totality of values of this nation. These values are stored in the language of the people, in the vocabulary of the language. The article studied the peculiarities of the use of phraseological units associated with the pairs "parents and children" in Arabic and Kazakh, which belong to different language groups, revealed common similarities and distinctive differences.

Keywords: phraseology, paremiaes, proverbs, family, concept, marital kinship.

Автор туралы мәлімет:

Әмірбекова Сағыныш Көпенқызы, ғылыми қызметкер, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Амирбекова Сагыныш Копеновна, научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about autor:

Amirbekova Sagynysh Kopenovna, Researcher, Institute of Oriental Studies R.B. Suleimenov, Almaty, Kazakhstan.

*Келіп түсті 3 наурыз 2024 жыл
Қабылданды 25 мамыр 2024 жыл*